




Бүгінгі қадам – ертеңгі жетістік

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Цифрлық активтердің айналымын қамтамасыз ету және банк саласына инновацияларды қауіпсіздік талабына сәйкес енгізу үшін оны реттейтін тетіктердің тұрақты болуы маңызды», – деп фискалды саясаттың сарабал қалыппен өрбуі қажеттігін баса белгілеген еді.



• ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада – жаңа басшы

Облыстық білім басқармасының тізгінін кәсіби білімі мен мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі мол Дулат Шайкеноұлы Жекебаев қолға алды. Жаңа басшыны аймақ активіне облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аппарат жиынында таныстырып, басқармаға білім сапасын арттыру, заманауи талаптарға сай жұмыс жүргізу және өмір педагогтарының әлеуетін күшейту сынды маңызды міндеттерді жүктеді.



Білім саласында ұзақ жылдық тәжірибесі бар Дулат Жекебаев педагогтік еңбек жолын 1997 жылы география және тарих пәндерінің мұғалімі болып бастаған.

Ол Осакаров ауданының білім бөлімін басқарды, кейін осы ауданда әкімнің орынбасары қызметін атқарды. Бұдан соң Қарағанды қаласының білім бөліміне жетекшілік етті. Сонымен қатар, Қарағанды облысы мен Астана қаласының білім басқармаларында басшының орынбасары болып қызмет етті.

2019 жылдан бастап 2025 жылға дейін Оқу-ағарту министрлігінің орталық аппаратында жұмыс істеп, комитет төрағасының орынбасары және министрлік аппаратының жетекшісі сынды жауапты қызметтерде еңбек етті. Осы кезеңде ол Орта білім комитеті төрағасының орынбасары лауазымын да қоса атқарды.

Өз тілшімізден

► 2-бет

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сандық шешім – сапалы өзгеріс

Президент өз сөзінде елдің экономикалық дамуындағы өзекті мәселелерді орайлы көтеріп, кез келген түйіннің шешу жолдарын нақты айқындады. Әсіресе, цифрлық экономика саясатының сарабал қалыппен, терең стратегиялық оймен өрбуі – тұрақты дамудың кепілі екенін ай-

рықша атап өтті. Ел басшысы парасатты пікір үстеп, уақыт сынынан өткен кемел көзқарас танытты. Президент атап өткен цифрлық экономика – тауарлар мен қызметтерді өндіру, тарату және тұтыну үшін цифрлық технологиялар мен желілік инфрақұрылымдарды пайдалануға негізделген экономика. Ол интернет, компьютерлік бағдарламалар, Сандық құрылғылар, жасанды интеллект және үлкен деректер сияқты көптеген технологияларды қамтиды. Осы ретте өңірлер де көштен қалмай,

сандық технологиялар дәуіріне нық қадам басуда. Облыс цифрландыру үдерісін өмірдің барлық саласына белсенді енгізіп, мемлекеттік қызмет сапасын жаңа деңгейге көтеруге, тұрғындардың өмірін жеңілдетуге, қауіпсіздікті нығайтуға және кәсіпкерлікті дамыту үшін мейлінше қолайлы экожүйе қалыптастыруға күш салып отыр.

Ел болашағы – білімді ұрпақтың қолында десек, атаулы бағытта атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар көңіл қуантады. Білім беру жүйесі жаңа мазмұнмен

толығып, жаңартылған бағдарламалар негізінде 4, 9 және 10-сыныптарға арналған тың оқулықтар енгізілуде. Бүгінде облыстағы 242 мектепте жалпы білім беру мекемелерінің 48 пайызы – жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер ағылшын тілінде оқытылуда. Осылайша жастардың жаһандық білім кеңістігіне еркін енуіне жол ашатын айрықша бастама заманауи білім беру инфрақұрылымын жаңа белестерге көтерді.

• МӘСЕЛЕ

«Қызыларай-Аппаз»: Ауылға жол керек

Ақтоғай ауданының тұрғындары ондаған жылдар бойы Қарқаралы және Ақтоғай аудандары арасына тасжол салу жөніндегі өтінішін шенеуніктердің елемей жүргеніне наразы. Аудандар арасын жалғайтын «Қызыларай-Аппаз» дала жолына ағымдағы жөндеу жүргізу халық сұранысынан соң туындаған. Жаз мезгілінде халық саны 40 000-нан асатын екі ауданның тұрғындары осы дала жолымен жиі қатынайды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселе өткен жылдың қаңтар айында туындаған сәтте облыс прокурорлары іс жүзінде ешкімнің балансында жоқ 40 шақырым жолды жөндеуге бөлінген конкурстың күшін жойған. Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі бұл жұмысқа 328 млн теңге қаражат бөлінетінін жариялағаннан кейін жолдың бұл учаскесі жергілікті және облыстық деңгейдегі қузыретті орган балансында жоқ екені анықталды.

Қолданыстағы нормаларды бұза отырып, Ақтоғай ауданы экономика бөлімі құрылыс жобалық-сметалық құжаттама арқылы жоқ тасжол салуға әрекеттенген. Прокуратураның қадағалау актісі бойынша бұл конкурс жойылды, – деді облыстық прокуратураның қоғамдық мүдделерді қорғау басқармасының аға прокуроры Ерлан Түсіпов.

Алайда, жергілікті халық дала жолы Ақтоғай тұрғындарының Қарқаралыға баруы үшін бұрынғыдай 500 шақырым жол жүрмей, төтелеп 40 шақырым жолмен же-

туіне мүмкіндік беретінін алға тартады. Жаз мезгілінде бұл жолды 40 мыңға жуық адам пайдаланатындықтан, жергілікті билік пен халық оның жөнделуі қажет деп есептейді.

Жобалық-сметалық құжаттама, техникалық-экономикалық негіздеме және құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін миллиардтаған қаражат қажет болды. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу шешіліп, жаңа материалды қоса отырып, жолды қыру және тегістеу жұмыстары жоспарланып, 8 учаскеге құбыр орнату жоспарланған болатын. Келер жылы аталған жолдың құжаттары толығымен аяқталып, жұмыстар басталуы мүмкін, – дейді Ақтоғай ауданы ТҮКІШ және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ардагер Қапашев.

Қарағанды арқылы өту керек жол қашықтығы 400 шақырым, ал тікелей жол бірнеше есе жақын. Аппаз және Қызыларай ауылдарын қосса, олардың арасы шөлді жолмен бар болғаны 40-50 шақы-



рым. Ауылдар арасындағы барлығы 40 шақырым дала жолына грейдерлік тас-

жол салынған жағдайда Ақтоғай арқылы Балқашқа және одан әрі бағыт алуға бо-

лады. Солтүстік бағыт бойынша тарихи нысандарды аралай отырып, туристер Павлодар облысының Баянауыл кентіне (Айрық ауылынан 90 км) дала жолымен жүре алады. Туристік саланы дамыту жаңа жұмыс орындарын құрып, жергілікті бюджетті толықтыруға, қоршаған ортаны қорғауға тиісті қаражатты пайдалануға мүмкіндік береді, – дейді жергілікті тұрғындар.

Өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан «Бегазыны Арқа елі аспан астындағы мұражайға теңейтінін» айтады. Сондықтан, бұл аймаққа туризмнің афишасы ретінде қазақтың біртуар тұлғаларының өмірінен мұражай ашып қоюға болады. Алайда, туристерді өлкеге көбірек тарту үшін жайлы жол керек.

Өлкетанушының айтуынша, туризмге сұранған Ақтоғайдың бренді – «Бегазы-Дәндібайдан» бастау алған Қызыларай сілемдері болса, екіншісі – «Үш арыс». Үшіншісі – сұлу жердің арқары мен тау жусаны. «Қызыл кітапқа» енген дәрілік шөптерге қызығатындар көп. Туризмге сұранған мекеннің тұрғындарының дала жолын тас жолды грейдерге айналдыруды сұрағаны сондықтан.

Жергілікті билік өкілдерінен пікір білдіруді сұрағанымызда «Қызыларай-Аппаз» дала жолын балансқа алып, құжаттар рәсімдеу келер жылдың еншісіне ілігуі мүмкін екенін білдік. Алайда, жобаның нақты қашан қолға алынатыны белгісіз.

• ЭНЕРГЕТИКА

Жылусыз үй қалмайды

Қарағанды облысы қысқа тыңғылықты әзірленуде. Бір айдан астам уақыттан соң басталатын жылыту кезеңіне дайындық барысы жіті бақылауда. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аймақтың барлық коммуналдық қызметтеріне әлеуметтік нысандар мен көпқабатты үйлерді уақытылы әрі үздіксіз жылумен қамтуды қатаң тапсырды. Бүгінде 2 500-ден астам үйдің үштен екісінен көбі қысқа сақадай сай. Қалған нысандардағы жұмыстар да қыркүйектің 15-іне дейін толық аяқталуы қажет. Сонымен бірге, жылу желілерін жаңғырту, су және кәріз жүйелерін жөндеу, Шахтер кентін орталық жылу жүйесіне қосу жұмыстары қатар атқарылууда.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Қазіргі таңда көпқабатты үйлерді жылыту маусымына дайындау жұмыстары жүріп жатыр. 2 500-ден астам нысанның 75 пайызы дайындық актілерін алды. Ерекше назар күрделі жөндеуді қажет ететін үйлерге аударылып отыр. Бұдан бөлек, 164 үйде ағымдағы жөндеу жүргізілді. Бақылауда тұрған тағы бір мәселе — жылыту жүйесі тұйықталатын 152 үй. Сонымен бірге әлеуметтік нысандарға да апта сайын мониторинг жасалауда, — деді Қарағанды қаласының әкімі Мейрам Кожахов.

Кеңесте Шахтер кентін орталық жылу жүйесіне қосу мәселесі де қаралды. Ермағанбет Бөлекпаев барлық жұмыстар белгіленген мерзімде аяқталып, жоспарланған үйлердің толық қамтылуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Жылу желілерін жаңғырту аясында 23,6 шақырымның 16 шақырымы жөнделді. Қазіргі уақытта «Соединительная» және «1 кезек» магистральдарының реконструкциясы жүргізілуде. Ал, М2 магистралі бойынша «Ақжолтай» мұз айдынынан Комиссаров көшесіне дейінгі учаске толық аяқталды. Қазір облыстық мұрағат ғимаратына дейінгі жаңа құбыр тарту, дәнекерлеу, тіректерді орнату және сорғы стансасындағы жұмыстар атқарылып жатыр.

Сонымен қатар, 20 шақырымдық су құбыры мен 3 шақырымдық кәріз желісі жөнделуде. «Тариф орнына инвестиция» бағдарламасы

мен бюджет қаражаты есебінен жүзеге асқан жаңғырту жобалары нәтижесінде су жүйелерінің тозуы 59 пайызға, ал, кәріз желілерінің тозуы 82 пайызға дейін төмендеді.

Энергетика саласында да жүйелі жұмыс жүріп жатыр. «Қарағанды Жарық» және «Қарағанды Энергосаласы» кәсіпорындары әуе және кабель желілерін, қосалқы стансалар мен тарату пункттерін жөндеуде. Барлық жұмыстар кестеге сәйкес атқарылып, жылыту маусымы басталғанға дейін аяқталуы тиіс.

— Жылыту маусымына дайындық жұмыстары аяқталуға жақын. Дегенмен, бақылауды күшейтіп, қалған жұмыстарды жеделдету қажет. Қарағанды қаласының әкіміне 20 қыркүйекке дейін барлық жоспарланған іс-шараларды аяқтауды тапсырамын. Коммуналдық кәсіпорындарға — жабдыктардың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. Ең бастысы — көпқабатты үйлердің дайын болуы. Халықпен тығыз байланыста болып, жиналыстар өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек. Әлеуметтік нысандардың басшылары жөндеу жұмыстарын аяқтап, отын қорын толықтыруы тиіс. Ал, ТКШ-ны жаңғырту орталығы Шахтер кентіндегі үйлерді жүйеге қосу мәселесін қамтамасыз етуі қажет. Бұл іс ерекше бақылауда болады, — деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Заң құрметтелсе, еңбек бағаланады

Биыл кеншілер астанасында Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдық мерейтойы мен Кеншілер күні жоғары деңгейде ерекше ықыласпен аталып өтеді. Бұл — еліміздің құқықтық негізін қалап берген Ата Заңымыздың құндылығын дәріптеу, өңірдің экономикалық дамуына өлшеусіз үлес қосқан еңбек адамдарына құрмет. Облыс әкімдігінде өткен аппарат отырысында аталған мерекелерді жоғары деңгейде ұйымдастыру міндеттері кеңінен талқыланды. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев облыстың барлық аудан, қалаларында жоспарланған іс-шаралардың қоғамдық тәртіпке сай, халықтың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ете отырып өткізілуі аса маңызды екенін баса айтты. Басқарма басшылары өз саласы бойынша дайындық барысын баяндап, облыста қоғамдық-саяси, мәдени, әлеуметтік серпін тудырау ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ата Заң — ел тұғыры

Облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикеновтің айтуынша, жыл басынан бері Конституцияның 30 жылдығына орай облыс көлемінде заң үстемдігін насихаттап, әділ қоғам құндылықтарын алға тартатын 600-ден астам түрлі бағыттағы шара ұйымдастырылған. Шаралар тек қалалармен шектелмей, ауылдық округтерді де қамтыған көрінеді.


Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында барлық аудан мен қалаларда қоғамдық орындарда тұрғындарға тегін заңгерлік кеңестер ұсынылды. Мысалы, Қарағандыда облыстық полиция департаментінің бастамасымен ірі сауда орталықтарында кең көлемді құқықтық жәрмеңкелер ұйымдастырылып, халық көп жиналатын орындарда азаматтарға нақты көмек көрсетілген.

Мерекелік және танымдық сипаттағы шаралар да назардан тыс қалмады. Жоғары оқу орындары мен кітапханаларда, мәдениет үйлері мен спорт мекемелерінде дөңгелек үстелдер, мерекелік концерттер, фестивалдер, түрлі челленджер, экологиялық акциялар мен коллоер көрмелері өткізілді. Бұл бастамалар жастарды, қоғам белсенділерін және ардагерлерді ортақ іске жұмылдыруда септігін тигізді.

— Конституция күніне арналған басты оқиға — 30 тамызда Қарағанды қаласындағы Әлихан Бөкейхан атындағы саябақта өтетін «Ата Заңға — 30 жыл: Тәуелсіз мемлекеттің биік тұғыры» атты облыстық форум. Форум барысында құқық қорғау саласының үздік қызметкерлеріне ведомстволық наградалар табысталады. Сонымен қатар, биыл облыс әкімінің арнайы білім грантына ие болған мектеп түлектері де салтанатты түрде марапатталмақ.

Форумның екінші бөлімі — қалың көрерменге арналған концерттік бағдарлама. Онда Қазақстан эстрадасының маңдайалды тобы «МузАрт» өнер көрсетеді. Мұндай ауқымды іс-шаралар Балқаш, Теміртау қалаларында және Шет ауданында да өткізіліп, өзге өңірлерде қоғам қайраткерлері мен ардагерлердің қатысуымен салтанатты жиналыстар өтеді, — деді Нұрлан Бикенов.

Сонымен қатар, мереке қарсаңында бірқатар әлеуметтік маңызы бар нысан да пайдалануға берілмек. Атап айтсақ, 27 тамызда Абай және Бұқар жырау ауданында төрт жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт пен бір ауылдық дәрігерлік амбулаторияның салтанатты ашылуы жоспарланған. Ал, 29 тамызда Үштөбе ауылында 200



Коллажды жасаған Шаһар Аламысқов

орынға лайықталған ауылдық мәдениет үйі ел игілігіне беріледі.

Одан бөлек, 30 тамызда Бұқар жырау ауданының Атамекен, Жаңаталап, Ақтөбе және Центральное ауылдарында «Ауыл — ел бесігі» бағдарламасы аясында жаңартылған ішкі жолдар пайдалануға берілмек. Ал, 1 қыркүйекте жаңа оқу жылының басталуымен қатарлас, Конституция күніне орай облыста бірнеше жаңа мектеп ашылады.

Ақпараттық жұмыстар да назардан тыс қалмаған. Әлеуметтік желілерде «Бір күні — бір бап» атты кең ауқымды челлендж ұйымдастырылып, оған депутаттар, қоғам қайраткерлері, жастар мен белсенді азаматтар қатысуда. Олар өз өмірлік ұстанымына сай келетін Конституция бабын таңдап, соған қатысты пікірлерін бөлісуде. Сонымен қатар, «30 игі іс — 30 жыл Конституция» атты акция аясында аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға және жалғызбасты зейнеткерлерге көмек көрсетілуде.

Қажырлы еңбекке құрмет

Қарағандыны кеншілерсіз елестету мүмкін емес. Олардың ерен еңбегі аймақтың тарихын да, болашағын да қалыптастырып келеді.

Дерекке сүйенсек, осы атаулы күнге орай облыс көлеміндегі мәдениет мекемелерінде қырыққа жуық мерекелік шара ұйымдастырылуда. «Qatmet» компаниясы мен жергілікті әкімдіктердің қолдауымен Қарағанды, Шахтинск, Саран және Абай қалаларында үлкен концерттер өтпек. Оған Қазақстан мен Ресейдің өнер жұлдыздары қатысады деп күтілуде.

— 29 тамыз күні сағат 17:00-де Қарағандыдағы Кеншілер мәдениет сарайында облыс басшылығының қатысуымен салтанатты кеш өтеді. Шараны белгілі тележүр-

Конституция күніне арналған басты оқиға — 30 тамызда Қарағанды қаласындағы Әлихан Бөкейхан атындағы саябақта өтетін «Ата Заңға — 30 жыл: Тәуелсіз мемлекеттің биік тұғыры» атты облыстық форум. Форум барысында құқық қорғау саласының үздік қызметкерлеріне ведомстволық наградалар табысталады. Сонымен қатар, биыл облыс әкімінің арнайы білім грантына ие болған мектеп түлектері де салтанатты түрде марапатталмақ.

Форумның екінші бөлімі — қалың көрерменге арналған концерттік бағдарлама. Онда Қазақстан эстрадасының маңдайалды тобы «МузАрт» өнер көрсетеді. Мұндай ауқымды іс-шаралар Балқаш, Теміртау қалаларында және Шет ауданында да өткізіліп, өзге өңірлерде қоғам қайраткерлері мен ардагерлердің қатысуымен салтанатты жиналыстар өтеді

гізушілер Аян Амамбаев пен Гүлнұр Жакен жүргізеді. Концертке Алматыдан келген опера әншісі Дамир Сәдуақасов және Ресейден арнайы шақырылған эстрада жұлдызы Владимир Кузьмин қатысады.

30 тамыз күні сағат 18:00-де Қарағандының Тәуелсіздік аланында үлкен концерт өтеді. Сахна заманауи дыбыс және жарық жабдықтарымен жабдықталып, негізгі LED экраннан бөлек көлемі 4х4 метр болатын үш қосымша экран орнату жоспарланған. Бұл концертке АЯУ, SADRADDIN, «Ирина Кайратовна» тобы және ресейлік әнші Zivert қатысады. Сағат таңғы жетіден бастап техникалық дайындық пен саундчектер жүргізіледі, — деп атап өтті облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Ғалымжан Өтелбайұлы.

Қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіп те басты назарда. Бұқар жырау даңғылы мен Әлиханов көшесінің кей бөліктері уақытша көлік қозғалысына жабылып, қоғамдық тәртіпті полиция, арнайы жасақ және Ұлттық ұлан жауынгерлері қадағалайды. Үш жедел жәрдем көлігі мен бір өрт сөндіру бригадасы кезекшілікке жұмылдырылады. Балалар қауіпсіздігі үшін ювеналды полиция мен қамқоршылық ор-

гандары арнайы топ жасақтайды.

Сонымен бірге, 31 тамызда мерекелік бағдарлама Орталық саябақта жалғасын тауып, дәстүрлі «Пою тебе, Караганда!» вокалдық байқауы, «Ерекше қос жұлдыз» инклюзивті фестивалі мен «Қарағанды вернисажы» арт-жобасы өтеді.

Сол күні Шахтинск, Саран және Абай қалаларында да концерттер ұйымдастырылып, Айкын Төлепберген, ALEM және Мақпал Исабекова сынды танымал әншілер өнер көрсетеді. Концерттер бес минуттық от шашумен аяқталады. Жалпы, төрт қала бойынша 100 мыңға жуық адамды қамту жоспарланып отыр. Атап айтсақ, Қарағандыда — 70 мың, Шахтинскіде — 15 мың, Саранда — 7 мың және Абай қаласында — 5 мың тұрғын.

— Билғыл мерекелер — халықты біріктіретін, рухын көтеретін, аймағымыздың мәдени және әлеуметтік әлеуетін танытатын айтулы оқиғаға айналуы тиіс. Әр іс-шара халықтың қауіпсіздігі мен жайлылығын ескеріп ұйымдастырылсын. Бұл қос мереке — Қарағанды облысының оң имиджін қалыптастыратын, мәдени-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды әрі ауқымды шара, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Бүгінгі қадам — ертеңгі жетістік

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мектептердің 69 пайызы қазіргі заманға сай жабдықталған пән кабинеттерімен және роботтехника зертханаларымен қамтамасыз етілді. Мұнымен бірге, 71 IT-сынып ашылып, балалардың ақпараттық технологиялар әлеміне терең бойлауына мүмкіндік ұсынылды. Барлық мектептердің кең жолақты интернетке қосылуы — білім беру кеңістігін цифрлы дәуір талабына толық сай етуге бағытталды. Электронды журналдар мен құжаттарды қабылдаудың автоматтандырылған жүйелерінің енгізілуі оқу үдерісінің тиімділігін арттырып, мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы байланысты бұрынғыдан да шапшаң әрі сапалы ете түсті. «Мұның экономикаға не қатысы бар?» — дерсіз, бәлкім. Алайда, мәселе тек сандар мен сызбаларда емес. Сандық технология — ең алдымен, адам игілігін еселеу, өмір сапасын жақсарту, мүмкіндікті кеңейту деген сөз. Ал, игілігі артқан адам — қоғамның белсенді мүшесі, ілгерілеудің қозғаушы күші. Бүгінгі цифрландыру — ертеңгі экономикалық серпіністің бастауы.

Электронды жүйелер арқылы уақытын

үнемдеген мұғалім де, ыңғайлы сервиске қол жеткізген кәсіпкер де — бәрі өнімділікті арттырып, жалпыұлттық өсімге үлес қосады. Сандық даму — болашаққа салынған көпір ғана емес, жаңа экономиканың жүрегіне айналатын қуатты жүйе.

Сандық теңдік

Жетелі жобалардың жарқын үлгісі — «Қауіпсіз қала» бастамасы. Қоғамдық тәртіп пен жол қозғалысы мәдениетін арттыруға бағытталған жоба бүгінде Қарағанды, Теміртау, Саран қалаларында және Осакаров ауылында нақты нәтиже бере бастады. Қазіргі таңда 3 056 бейнебақылау камерасы мен жол ережелерінің бұзылуын автоматты түрде тіркейтін 110 арнайы кешен орнатылды. Кешенді шаралар көп ұзамай, өз жемісін де көрсетеді: жол-көлік оқиғаларының саны 12,7%-ға азайып, көшелер мен жолдардағы тәртіп едәуір жақсарған. «Қауіпсіз қала» жобасы — қоғамдық сана мен жауапкершілікті арттыруға, әрі қауіпсіз инфрақұрылымды қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Байырқалы бастама алдағы уақытта да кеңейіп, өзге өңірлерге үлгі болары

сөзсіз.

Қағазбастылықтан — онлайн жүйеге! Бүгінгі таңда облыс электронды мекеметтік қызметтерді енгізу бойынша ел көлемінде алдыңғы қатардан көрініп отыр. Барлық мекеметтік қызметтердің 94,5 пайызы egov.kz порталы, Telegram-боттар және мобильді қосымшалар арқылы онлайн түрде қолжетімді. Ал, қағаз түрінде көрсетілетін қызметтер үлесі 1 пайыздан да аз. Тек соңғы екі жылдың өзінде 16 миллионнан астам мекеметтік қызмет көрсетілген. Яғни, аймақ тұрғындары цифрлы шешімдерге бейімділігін, жергілікті басқару жүйесінің тиімділігін іс жүзінде көрсетті. Иә, цифрландыру жай ғана техникалық жаңарту емес, заман талабына сай жаңа басқару мәдениеті, халыққа деген сенім мен ашықтықтың келіпі. Облыстың бұл бағыттағы қарқыны — ертеңгі «ақылды қоғамның» іргетасы қаланып жатқанын аңғартады.

Цифрлық теңдік дейтін болсақ, алдымен ауыл мен қала арасындағы алшақтық жойылу қажеттігін еске алар едік. Сандық дәуір тек ірі қалалар үшін ғана емес — елдің түпкір-түпкіріндегі ауылдарға да жетіп жатыр. Осы уақытқа дейін

аймақтағы 39 ауылдық елдімекенде байланыс желілері жаңартылып, шалғайда тұратын халық заман талабына сай интернет мүмкіндігімен қамтылды. Ауыл тұрғындарының 91,1 пайызы интернетке еркін қосыла алады. Алайда, атқарылған жұмыспен шектелу жоқ. Биыл тағы 27 шағын елдімекенге интернет желісі тартылып, 3,6 мыңнан астам тұрғын сапалы байланыспен қамтылуда. Цифрландырудың шетсіз-шексіз игілігі ауылдық өмірге де серпін беріп, елдің барлық азаматына тең мүмкіндік ұсынуы — мемлекет саясатының басты жетістігі.

Қазыналы Қарағандыда орналасқан аймақтық IT-хаб — «Террикон алқабы» бүгінде жастар мен жаңа буын мамандар үшін тек білім алаңы ғана емес, инновациялық идеялар мен технологиялық серпілістің ошағына айналды. Цифрлық трансформация дәуірінде ордалы орталық өңірдің нағыз «ақылды жүрегі» бола бiлдi. Бір жылдың ішінде ғана 150-ден астам іс-шара өткізіліп, 8 мыңнан астам адам қатысқан алаңда стартаптар мен заманауи жобаларға қолдау көрсетіліп, нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Атап айтқанда, 140-тан астам стартап-жоба

оқытудан өтіп, бірқатар ірі келісімшарттарға қол қойылды. Олардың жалпы кірісі бүгінде 450 миллион теңгеге жуықтады. Жоспар мұнымен шектелмейді. Былтыр 500 миллион теңге капиталы бар венчурлік қор құрылды. Ендігіде қосымша оқыту бағдарламалары ұйымдастырылып, талантты жастар мен технология саласындағы жаңа қойшабыларды даярлау ісі одан әрі жалғаспақ.

Әлеуметтік қамқорлық шеңберінде аймақта он арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жаңа деңгейге көтеріліп, бірыңғай ақпараттық жүйеге қосылды. Енді барлық қаржылық операциялар ашық түрде бақыланып, мекемелердің жұмыс тиімділігі нақты көрсеткіштермен өлшенуде. Мемлекеттік әлеуметтік қызметтерді цифрландыру — ерекше қажеттіліктері бар азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған ізгі ниетті бастама. Арнайы қызметке мұқтаж жандар енді тез, әділ және сапалы қызметке қол жеткізе алады. Ең бастысы, Қарағанды облысында енгізілген бұл цифрлық тәжірибе басқа өңірлер үшін үлгі ретінде таратылмақ.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ТАҒЫМ

Қазақ өнерінің Қайраты еді

Катал тағдыр Арқаның абыз театрын Қайратынан айырды. Бес күндік жалған өмірдегі шілденің бір кешінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі театр және кино актері Қайрат Кемаловтың үлкен жүрегі мәңгілікке тыныстады... Арқа жұртына, қалың көрерменге шілденің аптап ыстығындағы бұл тым суыт хабар жүректі қарыған аяздан бетер әсер етті...

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов өмірден өткенде замандасы Ғабит Мүсірепов соңғы сапарға шығарып саларда: «Қазақта ат тұяғын тай басар» деген қағида бар, бірақ бұл саған жатпайды, сенің орның қай заманда болсын үңірейіп тұрады» деген екен. Шындығында, Қаллеки, Шәкен, Нұрмұхан, Әнуар ағаларымыздың орнын басқан, шеберліктің биік дәрежесін бағындырған кім бар? Рас, рөлдерін ойнады, бірақ, шыңына жеткені некен-саяқ. Ал, көрермен сол кейіпкерлерін: Абай, Ақан сері, Шоқан, Ваян ағайды алдыңғы толқын ағалар сомдаған әлемдік дәрежедегі биіктен көргісі келеді, аңсайды! Дарындар сомдаған кейіпкерлер ұлттық сахна өнерінің эталоны болып мәңгілікке қалды...

Жалындаған жастық шағымыздан біріміз аға, біріміз іні болып, сахнада қатар келе жатқан, С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының әйгілі актері, біздің мақтаншымыз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Қайрат Кемалов бауырымыңды орны ойсырап қалды. Өкініш өзекті өртегенімен, қолдан келер қайран жоқ. Өткен күндердің елесі, сахнада әріптес болған шуақты сәттердің сағынышы жұдырықтай жүрекке сияр емес.

Қайрат сан қырлы еді-ау, шірікін! Позизияны ерекше сүйетін. Мен Қайратты алғаш көргенімде ол 9 класта оқитын. 1972 жылы қазіргі Н.Нурмаков атындағы мектеп интернатының қазақ тілі мен әдебиет пөнінің мұғалімі М.Шәріпова апай: «Кеңес айналайын, бізде өленді керемет оқытып бала бар, тәрбиелесе, жақсы артист шығатын түрі бар» деді бір күні. Үзіліс кезінде барсам, оқу бөлімінің меңгерушісі Сара Балхашқызының кабинетінде домбырамен оң салып отыр екен. Танысам соң: «Әнді жақсы айтады екенсің, өлең оқып көрші» – дедім. Тұрғанда байқадым бойшаң екен. «Төлеген Айбергенов «Сағыныш» деді де, бозбаланың әдемі қоңыр дауысымен, мәнерлеп оқи жөнелді. Үнінің ашықтығы, сөйлеу артикуляциясы, дикциясы бірден ұнады. Әрі қарай М.Шахановтың поэмасынан бастап, Қ.Мырзаліев, М.Мақатаев өлеңдерін жатқа оқты. Жадының ерекшелігіне әрі таң қалып, әрі риза болып, актерлік факультетке прозаның, сықақтың да емтиханда керектігін айтып ескерттім. Сол заманда театрда өтетін түрлі мерекелердің сценарий жазып, режиссерлік етуді театр басшылығы маған тапсыратын, сол концерттерге 3 класс оқушысы М.Жүнісова (қазіргі Қазақстанның халық артисі) екеуін қатыстырып, үлкен сахнадағы тұ-

сауын кескенім де күні кешегідей еді. Қайрат Отан, Ана туралы өлеңдерді оқитын. Мектеп бітірер кезде 1974 жылы Қазақстандағы Алматы консерваториясынан профессор Рәбиға Қаныбаева облыстан жас таланттарды оқуға тартуға келді. Мен интернатқа алып барып, Қайратты көрсеттім. Рәбиға апай мектеп бітірушілерден ұзын бойлы Қайрат пен тағы екі жігітті таңдап, оқуға түсуге шақырды, үшеуінің ішінен Қайрат түсіп кетті.

Қазақ театр өнеріндегі еңбек жолын «Әкемтеатрда» өнердің ұлы тұлғаларымен қатарласа жүріп бастап, айтулы мектептен өткен Қайрат Сәкен театрына келгенде хандар мен би-батырларды, сал мен серілерді кейіптеуге тұр-тұлғасы да, дауысы да, дарыны да жетіп тұрған жампоз еді. Саналы ғұмырында ұлтының жоғын жоқтап өткен этнограф-жазушы, ұлтымыздың күмбірлеген күйі мен әуелеген әнін зерттеуге арнаған Ақселеу Сейдімбектей қазақтың талантты біртуар перзентіне аталас немере іні болып келетін Қайраттың да таланты мен талабы таудай болатын. Ол сахнада ойнаудың теориясын Асқар Токпанов, Рәбиға Қаныбаева сынды театр өнерінің мэтрлерінен оқыса, киелі сахна құдіретін танып-білу дарыны өзінің өн бойынан табылатын. Сондықтан да, ол сомдаған басты бейнелердің ешқайсысы бір-біріне ұқсамайтын, ол кейіпкерлерін ешқашан да «трафаретке» салмайтын, жүрекке салатын. Сахнада кейіпкердің тағдырымен өмір сүріп, өмірде адаждық пен адамдықтың биігінен еш аласармайтын. Батырды да, ханды да, биді де ол алдымен кәдімгі баріміз қатарлы адам деп қарастырып, оның ішкі жан-дүниесін ашуға бар қарым-қабілетін жұмсайтын, содан кейін ғана тұлғалық қасиеттерін көрсетуге тырысатын. Осындай шынайы кейіпкерлер сомдауға оның білім-білігі де, ізденісі мен шеберлігі де жетіп артылатын. Қайраттың сан қырлылығы сондай ол кей кездері хан-сұлтандар ғана емес, қарапайым адамдарды, мұңлы-шерлі жандарды, үйісіз-күйсіз жүрген кембағал кісілерді де келістіріп кейіптеп беретін.

Біздің Қайрат сахна сардары еді. Ол Абай, Отелло, Брут, Артықбай, Бақтығұл, Ақан сері, Бөйдібек би, Никита сынды отандық және әлемдік драматургиядағы белді кейіпкерлерді сомдап, таңғажайып шеберліктің өзіндік үлгісін көрсете білді.

Сахнада Шекспирдің Макбетін, М.Әуезовтің, «Дос – бедел досындағы» Дуанбасын сомдауды армандай жүріп, кейбір көріністеріндегі сөздерін жатқа айтып отыратын. Әсіресе, кездескен сайын: «Шірікін, сіз Санчо Панчоны мен Дон Кихотты ойнай алмай-ақ кететін болдық-ау!» – деп өкінішін



билдіріп қоятын. Есесіне астаналық көрнекті режиссерлердің бірі Б.Ұзақовты шақыртып, беларусь драматургы Дударевтың «Кеш» пьесасын сахналағанда ол Никита мен Мультик рөлдерін ойнадык. Ізденістің неше бір саласының ой-шұңқырын қазбалап, актерлік шеберліктің тың тұстарын текшелеп жинап, өзіміздің бойымызға шақ, тап-тамаша кейіпкерлер шығардық. Қайраттың да, менің де көптен бергі шөлімізді қандырып, мерейімізді өсірген образдар галереясы болып қалды. Көрермендер жылы қабылдады. Әсіресе, Қайраттың Никитасы «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүріп өтіп, жалған бедел жиган адам бейнесін керемет сомдап, түсінген адамға үлкен ой тастады.

45 жылдық шығармашылық жолында, сахнада 100 ден артық кейіпкерді сомдап, әр түрлі жанрдағы әлемдік, ұлттық драматургияның драмалық, трагедиялық, комедиялық образдарын өз дәрежесіне жеткізе білген білімді де, дарынды актер қатарынан көрінді. Әйгілі сыншы Әшірбек Сығай Қайраттың Ш.Мұртазаның «Домалақ ана» драмасындағы Бөйдібек биді ойнағанын көріп: «Міне, Қобыланды, Ақан сері, Абай, Отелло, Городничиді ойнайтын кемеліне келген тұлғалы актерлер, қазақ театрына сахнаның сөнін келтіретін өзі де, сөзі де, ішкі жан дүниесі, қуаты кернеген актерлер жетіспейді. Қарағандылықтардың бақыты Қ.Кемалов, Р.Баймағанбетов сыяқты актерлердің болуы, театрдың көркемдік жетекшісі Ә.Оразбековтің әлем драматургиясының күрделі дүниелерін қоюына болады» деп, театрға үлкен баға берген болатын. Тегінде, Қ.Кемалов тек Қарағанды театрының ғана емес, ұлттық сахна өнерінің мақтаншысы еді. Ол басты рөл, эпизодтық рөл деп, бөле-жара қарамайтын. Кішкентай рөлдің өзін жарқырата сомдап, көрерменнің

ыстық ықыласына бөленген жан.

Біздің Қайраттың 60 жасқа иек артқан шағында, киноэкрандағы жұлдызды сәті туды. Оның кинодағы алғашқы рөлінің өзі қазақ хандығының негізін салған Керейді кеменгер тұлғаны сомдау болды. Режиссер Рүстем Әбдірашевтің «Қазақ хандығы – Алмас қылыш» киноэпопеясындағы Керей хан образы, Смағұл Елубайдың «Ақ боз үйіндегі» Пахрадин би бейнелері халықаралық конкурстарда «Үздік ер адам рөлі» жүлдесін жеңіп алды. Ал, 2017 жылы Қайрат Кемалов Кинематография саласына дағы «Тұлпар-2017» ұлттық сыйлығымен марапатталды.

Қайраттың кейіпкерлерінің ішінде осалы жоқ. Бір ғана көріністегі эпизодтық рөлі Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпанындағы» (сахналық нұсқасын жасаған Қ.Ысқақов, режиссер халық артисі М.Байсеркенов) Артықбай батырдың образын керемет бейнелеп берді. Айқаста жүріп жұлынын зақымдап отырып қалған Артықбай батыр Есенеі келгенде (Рамазан Баймағанбетов) әңгімелесе отырып, кіріп-шығып жүрген қызы Ұлпанға Есенеідің көзі түскен сәтін байқап қалған кезде, ішкі жан дүниесіндегі арпалысты көз жанары арқылы береді. Ел билеген Есенеі бидің әркімге көзі түсе бермейтінін білетін Артықбай қызының болашақта Есенеіге жақсы жар бола алатынын болжап, Ұлпанды Есенеіге ұзатады. Осы эпизодтағы Қайрат – Артықбайдың ішкі жан дүниесіндегі толғанысы, жымиған жылы жанары көрерменді еріксіз актерлік шеберліктің бұғалығымен матап тастайды. Нағыз шеберлік драматургтің жазған сөздерін айтып шығу емес, кейіпкердің ішкі жан дүниесіндегі арпалысты, ойлаған ойын жеткізу. Қиналған сәттеріндегі кейіпкерлердің жанайқайын жүрек сүзгісінен өткізіп, ақылмен түйіндеу кезіндегі қиналысын Қайрат паузамен әдемі жеткізе білетін.

Айрықша талант иесі бола тұра, өмірде өте қарапайым. Үлкенді сыйлай білетін, жастарға ағалық ақылын айтатын саналы азамат болатын. Менімен ерекше қалжыңдасып, еркелейтін. Сырымыз да, мұңымыз да, әзіліміз де жарасатын. Шірікін! Еркелейтін екі әріптес, бауыр достарым бар еді, екеуі де өмірден озып кетті. Бірі – Рамазан, бірі – Қайратжан болатын. Театрда ізбасар актерлер көп. Өзіндей батыр тұлғалы, өзі әнші, сөзі көркем, дауысы төске ұрған балғадай саңқылдаған, көз жанары от боп жанған, ішкі жан дүниесі тебіреніске толған, таланты мен білімі ұштасқан актер келе қояр ма екен?!

Кейіпкердің көзімен көріп, жүрегімен сезіп, ақыл-ойымен саралап, сонан соң сөз арқылы көрерменге жеткізетін ойлы актер еді Қайрат. Бір қуанарлығы соның да шәкірттері, ізбасарлары бар. Өміршең өнерді өрге сүйрейтін талантты, білімді, еңбекқор жастар аз емес. Қайрат жастардың сахнадағы өнерін бақылап жетістіктеріне қуанып, бағалап жүретін. Кейбір осал тұстарын көріп қалғанда: «Өттеген-ай, тек режиссердің шешімімен кетіп, өзіндік ішкі жан дүниесін кейіпкеріне сала алмаған екен. Сыртқы іс-әрекеті бар, іші бос. Не материалды аз оқыған, болмаса түсінігі бар да шеберлігі шындалмаған, – деп өкінішін айтып отыратын.

Жастар жағы Қайратқа үйіріліп тұратын. Иссапарға шыққанда әсіресе поезд, автобуста кетіп бара жатқанда әңгімесін тыңдауға өте құпшар. Үзіліс кезінде грим болмесе, не театр асханасында шәй ішіп отырып, әңгіме-дүкен құратын. Қайрат нағыз қазақтың шежірешіл ақсақалдарындай керемет әңгімешіл ғой. Тарихтан болсын, көне би-шешендердің өмірінен болсын, ұлы актерлер жайлы, тіптен алыс ауылдағы Қожапасыр азаматтар жайлы әңгімелерді көп білетін. Құрдас-замандастарының әсерлі қылықтарын «тұздықтап жеткізуге» шебер еді. Өзі жастарды ерекше еркелетсе, жастар да көргенше, кездескенше асық болатын. Жастардың кумирі еді. Қуанышты бір сәттерде «Шырмауық» пен «Қос күреңді» әуелеп салып, қиналған кезде қалың оймен тереңнен бойлай, барлай отырып, зор дауысын күркіретіп, соза түсуші еді. Ол сонда ішкі жан сезімін бізге «Шырмауық» арқылы жеткізіп отырғандай көрінетін. Ал, соңғы кездері Төлеген Айбергеновтің:

«Өле берсін күншілдер күйіңде, Өз ғасырым өзімнің иінімде. Ақ жанбырлар тоздырған тау секілді, Мен өлемін өзімнің биігімде» – деген өлең жолдарын саңқылдап тұрып, қайсарлықпен оқығанына талай мәрте куә болдым. Ия, сен өмірдің, өнер мен ұлттық руханияттың асқар шыңында қалдың. Сені біздер әлі сағынамыз!

Кеңес ЖҰМАБЕКОВ, Қазақстанның халық артисі

• КЕЗДЕСУ

Депутат ауыл жұртымен жүздесті

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының (ЖСДП) мүшесі Асхат Рахымжанов Осакаров ауданына қарасты Нияз ауылдық округінде тұрғындармен кездесті. Кездесу барысында ауыл халқы күн тәртібіндегі бірқатар әлеуметтік мәселелерді көтеріп, депутатпен ашық пікір алмасты.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Атап айтқанда, тұрғындар ауылдағы ауызсу сапасының төмендігіне, жер пайларын бөлу кезіндегі әділетсіздіктерге және басқа да түйткілдерге назар аудартты. Асхат Рахымжанов әрбір айтылған мәселені мұқият тыңдап, оларды тиісті мемлекеттік органдарға жеткізетінін және партиялық деңгейде бақылауға алатынын айтты.

– Халықтың көтеріп отырған мәселелері негізсіз емес. Әсіресе, ауызсумен қамту мен жер қатынастары – бұл еліміздің көптеген ауылдары үшін ортақ проблема. Біз бұл мәселелерді Мәжіліс қабырғасында көтеріп, шешу жолдарын қарастырамыз, – деді депутат.

Тұрғындар ауылда жастарға арналған жобалар мен бағдарламалардың жеткіліксіздігін айтып, осы бағытта мемлекет тарапынан қолдау болса деген тілектерін де жеткізді. Кездесуде, сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласындағы түйткілдер де қозғалды. Көпшілік шаруашылықтағы бірқатар мәселелер, әсіресе, субсидияға қол жеткізу, техника мен жанар-жағармай бағасы жөнінде айтып өтті. Депутат бұл мәселелердің назардан тыс қалмайтынын айтып, ауыл өміріндегі аталған проблемаларды шешуге күш салатын болды.

Кездесуге Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов те қатысып, жергілікті биліктің көтерілген мәселелерден хабардар екенін және оларды шешу бағытында нақты шаралар қабылданып жатқанын жеткізді. Әкім халықпен тұрақты байланыс орнату, ашық диалогты жалғастыру – басты басымдық екенін атап өтті.

Кездесу соңында ЖСДП тарапынан ауыл тұрғындарына заң көмегі көрсетіліп, туындаған мәселелер бойынша партиялық қолдау жалғасатынын айтылды.

Осакаров ауданы



Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• ДІН – ДІҢГЕК

Білім және зайырлылық: сыни ойлау мен азаматтық бірегейлікті қалыптастыру

Қазіргі Қазақстанда білім беру мен зайырлылық мәселелері ерекше маңызға ие. Ғаламдану мен ақпарат ағынының қарқынды өсуі жағдайында мемлекет пен қоғамның алдында тек білім мен дағдыларды жас ұрпаққа жеткізу ғана емес, сонымен қатар сыни ойлау қабілетін тәрбиелеу, өзінің азаматтық тиесілі екенін сезіндіру және көпұлтты, көпконфессиялы ортада үйлесімді өмір сүруді үйрету міндеті тұр.

Қазақстан Республикасы Конституциясында бекітілген мемлекеттің зайырлы сипаты рухани немесе діни құндылықтардан бас тарту емес. Керісінше, ол ар-ождан бостандығының, дүниетаным тандуа құқығының және барлық азаматтардың діни сеніміне қарамастан теңдігін қамтамасыз ететін кепіл болып табылады.

Білім беру саласында бұл бірнеше негізгі қағидалар арқылы көрініс табады: діни кемсітудің болмауы, ғылыми білім мен академиялық объективтілікке басымдық беру, елдің мәдени және рухани әртүрлілігіне құрмет көрсету. Осылайша, мектеп – бала әртүрлі құндылық жүйелерін қарсы қоюды емес, олардың арасынан ортақ ұстанымдарды табуды, өзінің пікірімен сәйкес келмесе де, өзге пікірді түсініп, құрметтеуді үйрететін кеңістікке айналады.

Теңдік идеясынан сыни ойлау қабілетін тәрбиелеуге көшу – табиғи қадам. Себебі, көзқарастар еркіндігі мен ашық пікір алмасу жағдайында бұл маңызды құзыреттілік дамиды.

Сыни ойлау – бұл ақпаратты талдау, фактілерді субъективті пікірлерден ажырату, манипуляцияларды тану және өз көзқарасын дәлелді түрде қалыптастыру қабілеті.

Қазақстан жағдайында бұл қабілет бірнеше себепке байланысты ерекше маңызды. Біріншіден, ақпараттық шамадан тыс жүктеме: жаңалықтар, жарияланымдар, блогтар мен әлеуметтік желілердегі жазбалардың шексіз ағыны фактілерден адасып қалу қаупін тудырады. Екіншіден, мәдениеттер мен діндердің алуан түрлілігі – айырмашылықтардың құндылығын көре білу және стереотиптерге бой алдырмау қабілетін талап етеді. Үшіншіден, сыни ойлау радикалданудың алдын алудың тиімді тәсілдерінің бірі, себебі ол экстремистік немесе деструктивті идеяларды саналы және байыпты боллауға мүмкіндік береді.

Интерактивті әдістерді, жобалық оқытуды және пікірталас форматтарын қолданатын мұғалімдер оқушыларға оқу материалын меңгеріп қана қоймай, оқиғалар мен құбылыстарға өз көзқарасын қалыпта-

стыруға көмектеседі. Осылайша, білім тек ілімнің көзі ғана емес, талдау қабілетін және диалогта өз ұстанымын қорғау дағдысын дамытатын ақыл-ой жаттығуына айналады.

Сыни ойлауды қалыптастырудың қысқынды жалғасы – азаматтық бірегейлікті дамыту. Көпұлтты Қазақстанда бұл – тек белгілі бір этнос немесе діни топтың өкілі ретінде емес, өзін елдің біртұтас халқының мүшесі ретінде сезіну арқылы қалыптасады.

Мұнда негізгі құрамдас бөліктер Қазақстан тарихы мен мәдени мұрасын білу, оның заңдары мен дәстүрлеріне құрметпен қарау, сондай-ақ қоғамдық жобаларға, еріктілер қозғалыстарына және әлеуметтік бастамаларға қатысу арқылы көрініс табатын белсенді азаматтық ұстаным болып табылады.

Бұл үдерісте тарих, қоғамтану, құқық негіздері пәндері бойынша мектеп бағдарламалары, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясы өткізетін іс-шаралар ерекше рөл атқарады. Олар тек ақпарат беріп қана қоймай, жастарда ел тағдырына ортақтасу сезімін, әр азаматтың үлесі елдің болашағына әсер ететіні туралы түсінік қалыптастырады.

Дегенмен, қазіргі білім беру жүйесі бірқатар сын-қатерлерге тап болуда. Бұл – оқу бағдарламаларын әлемдік үрдістерге сай үнемі жаңарту қажеттілігі, зайырлы көзқа-

рас пен діни дәстүрлерге құрмет арасындағы тепе-теңдікті табу, әртүрлілік жағдайында жұмыс істей алатын педагогтерді даярлау, сондай-ақ ХХІ ғасырдың міндетті дағдысы ретіндегі медиасауаттылықты дамыту.

Қазақстандағы білім берудің даму перспективасы – академиялық қатандық пен мектептің тәрбиелік миссиясын үйлесімді ұштастыру. Сыни ойлау қабілеті бар, зайырлы құндылықтар рухында тәрбиеленген және белсенді азаматтық ұстанымды бар түлек тұрақты әрі прогрессивті қоғамның негізі болып табылады.

Білім берудегі зайырлылық – бұл ресми норма емес, үйлесімді тұлғаны қалыптастырудың тиімді құралы. Бұл әр баланың әртүрлілікке құрметпен қарайтын ортада өсіп, ақпаратты талдау дағдыларын меңгеріп, жауапты шешімдер қабылдауға дайын болуына кепіл болып табылады. Дәл осылай, өз елінің құндылықтарын қорғауға ғана емес, мәдениеттер мен діндер арасында диалог құруға, ортақ игілікке үлес қосуға қабілетті азамат қалыптасады.

Дмитрий ПОЛТАРЕНКО, Қарағанды облысының Діни бірлестіктер клубының модераторы

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Кестедегі кескін

Өнер – кез келген адамға қона бермейтін бақ. Бірі сырлы сөзбен ой өрнектесе, бірі күймен көкейін-дегісін күмбірлетеді. Ал, Бұқар жырау ауданы Үштөбе тірек мектебінің еңбек пәнінің ұстазы Берік Қарашолақов қылқаламнан бастап, бүгінде инеге иек артып, Алаш арыстарының кескінін тоқыма өнерімен кестелеп жүр. Жылдар бойы жинаған тәжірибесімен өнердің өзгеше өрнегін қалыптастыруда. Біз Берік Амантайұлымен жүздесіп, өнердің қыр-сыры мен ұлтқа деген сүйіспеншілігі жайында аз-кем сұхбат құрған едік.


– Берік Амантайұлы, әңгіменің әлқиссасын бейнелеу өнеріне деген құштарлығыңыздан бастасак...
– Мен сыршыл Сәкен туған киелі Өспен топырағында аунап-өстім. Бала күнімнен сурет салуға құмар болдым. Әкем Амантайдың негізгі мамандығы – құрылысшы болса да, ара-тұра қолына қылқаламды да алатын. Мен де сурет салуға әкеме қарап, әуес болдым. Кейіннен әуестігім, осы бейнелеу бағытына жетеледі. Мектептен түлеп ұшып, бастапқыда Жезқазған пединститутында білім алдым. Отан алдындағы борышымды өтеп келген соң білімді қарашанырақ Қарағанды мемлекеттік университетінде жетілдірдім. Дипломдық жұмысымның тақырыбы – кескіндеме болды. Кәсіби біліктілік осы жұмыстан бастау алды десем, артық болмас. Содан бері ұстаздық жолына түсіп, мектепте қызмет етіп келемін.

– Гобеленді дамытуда өзіндік қолтаңбаныз қалыптасқанын білеміз...
– Иә, жіппен кестеленген суретті «гобелен» дейді. Бұл бағытта жұмыс істеп жүргеніме алты-жеті жыл шамасы болды. Жылқы мінезді қазақпыз ғой. Өуелі жылқы бейнесін кестелеп көрдім. Одан соң өз автопортретімді салдым. Екеуі де көңілімнен шықты. Кейін тұлғалардың портретін бейнелеуге көштім. Өуелі сері Сәкенді кестеледім. Жаман шықпаған секілді. Абайдан аттап, ешқайда бармайтынымды түсіндім де, Абайды бердерледім. Біртіндеп қол жаттыққан соң Шәкәрімді, одан соң Алаш арыстарын бейнелей бастадым.
– Әдетте бір портретті кестелеуге қанша уақытты сарп етесіз?
– Қазір дағды қалыптасты. Жобамен



алсақ, бір портретті кестелеп шығуға бір айдай уақыт кетеді. Алдымен, қағазға портретті шығарып аламын, содан кейін барып жіппен өрнектеуге кірісемін. Мұнда жіптің сапасы зор мәнге ие. Көбіне «ирис» деп аталатын жіпті қолданамын. Себебі, оның түсі қанық, талшығы берік. Тұлғаның бет-бейнесіндегі әр renkке баса ден қоямын. Кейде шоғырланып түскен тігіс көленкені берсе, енді бірде сиректеу тігілгені ашық бояуды береді. Яғни, жіптің құрылымы бейненің әсерлі шығуына елеулі ықпал етеді.
– Байқасақ, портреттердің басым бөлігі – ұлт қайраткерлері. Оларды кестелегенде алдымен тұлға жайлы ізденетін боларсыз?

– Әр кестелеген портрет, шынында ыждаһаттылықты талап етеді. Алдымен, тұлғаның өмір жолымен, қоғамдық-саяси қызметімен мұқият танысамын. Барында сол дәуірдің тынысын сезінгім келеді. Тұлғалардың автопортреттерінің қайсысын алып қарасақ та, әрқайсының мысы – басым, сұсы – сексенерлік. Айбарлы, рухты мінез байқалады. Сол қалыпты бұзбауға тырысамын. Әлихан бастаған Алаш ардақтыларының әрбірі – бөлек, кесек тұлғалар. Олардың халыққа еткен еңбегін айтып, тауыса алмайсың. Сол себепті де, шама-шарқым жеткенше оларды осы бағыт арқылы ұлықтап, өскелең ұрпаққа ұлағатын ұқтырсам деймін.
Шынында, әр бейнені кестелеуде ішкі



дән өз өнімін берген секілді, өнерімді өрелі жұрт бағалап жатса, соның өзі маған шабыт береді. Ағайынның қолдауымен, биіктің мұрындық болуымен осы уақытқа дейін де бірталай көрме ұйымдастырдым. Сәтін салса, алдағы уақытта да тоқтап қалмаспыз.
Ал, енді сатылымға келсек, кейде мерейтойларға арнайы тапсырыс түсіп жатады, портреттерімді қалап алғысы келетіндер болады. Оған да оң көзқараспен қараймын. Еңбектің бағаланғаны дұрыс. Кей сәттерде туындыларымды сыйлық ретінде табыстап кетемін. Менің мұратым да әуел бастан сол – еңбегімнің еш кетпегені, халыққа рухани азық сыйлау, құндылықтар қамбасына өз қазынамды қосу.
– Соңғы портреттеріңіз алдыңғыларға қарағанда өзгешелеу. Айырмашылық неде?
– Мұхтар Мағауиннің портретінің өзге тұлғалардыкінен айырмашылығы неде? Андап қарасақ, бұл туындыда жазушы барынша батыс стиліне сәйкес келеді. Көк түсті джинсы киімінің өзі де жайдан-жай емес. Оның себебі де бар. Соңғы жылдарын елден жырақта, өзге құрлықта өткізді. Еркіндік, бостандық деген символдарды осы арқылы беруге тырыстым.
Ал, соңғы салған Ілияс Есенберлиннің туындысына келсек, бұнда мен жіптің түрлі-түстісін тізбектей отырып, бояудың барынша қанық болуына мән бердім. Әдіс-тәсіл жағынан да, басқаша кадам жасап көргім келді.
– Шәкiрттерiңiз бар ма? Өскелең ұрпаққа қандай ақыл-кеңес айтар едіңіз?
– Иә, ұстаздық жолда көлөнерге, бейнелеуге баулыған шәкiрттерiм болды. Қазірде де үйренгісі келетіндер аз емес. «Ұстаздан шәкірт озар» демекші, мен де шәкірттеріме өзімнің бар білгенімді үйретіп, олардың биік белестерді бағындырғанын қалаймын.
Жас жеткіншектерге айтарым – қай салада жүрсендер де адалдықтың ала жібінен аттамау керек. Адамды алға жетелейтін – ізденіс пен төзім.
– Сұхбат бергеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

СУРЕТТЕ: 1. Берік Амантайұлы қалыпты жұмыс барысында. 2. Ілияс Есенберлин мен Сәкен Сейфуллиннің автопортреттері

• ЧЕМПИОНАТ

Құралайды көзге атқан

Ақтауда өткен дәстүрлі садақ атудан әлем чемпионатында жерлесіміз, 16 жастағы Аиша Баймырза күміс медаль жеңіп алды. Ол 20 метр қашықтықтан қалқан нысанаға ату сайысында өнер көрсетті.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»



Сурет облыс әкімінің сайынан

Садақ ату сайысына көршілес Қырғызстан, Өзбекстан және Ресей елдерінен келген 70-тен астам спортшы додаға түсті. Ал, облыс атынан ел құрамасы сапында «Қайрат» БЖСМ-нің төрт тәрбиеленушісі бақ сынады.
– Менің санатымда кіл мықты садақшылар. Жарыс кезінде толқу, қобалжу болды. Әр атылған жебе – жауапкершілікті талап етеді. «Сабыр түбі – сары алын» демекші, байыппен бабыма келдім. Сөйтіп, нысананы көздей отырып, бар күш-жігерімді салып, күміс медальді еншіледім, – деп әсерімен бөлісті спортшы.

Аиша садақ атумен екі жылдан бері айналысып келеді. Ол бір мезетте бірнеше жаттықтырушымен жұмыс істейді. Бапкерлерінің айтуынша, шәкірті тынымсыз еңбектің арқасында толағай табысқа жетіп жүр.
– Аиша биыл дәстүрлі садақ атудан жасөспірімдер құрамасына қабылданды. Келер жылы да облысымыз бен еліміздің намысын республикалық және халықаралық жарыстарда қорғайды, – деді бапкер Надежда Кефер.
Айта кетейік, бұған дейін Аиша Баймырза Қазақстан чемпионатында қола жүлде жеңіп алған болатын.

• ФЕСТИВАЛЬ

Дәстүрлі әнді серік еткен

Республикалық «Ұлытау үні» фестивалі дәстүрлі түрде жыл сайын ұйымдастырылады. Биылғы XXXIII өнер керуенінде Бұқар жырау ауданының жас өнерпазы Фарида Саутхан вокалдық байқауда Бас жүлдеге ие болып, 1 миллион теңгені қанжығалады.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел руханияты мен өнерін ұлықтауды мақсат тұтқан айтулы мәдени іс-шара аясында өнерпаздар үш бағыт бойынша сынға түсті. Атап айтқанда, қазақ вальсінің королі Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына арналған әншілер байқауы, Кетбуқа жыраудың 840 жылдығына арналған күйшілер байқауы және Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы-



на арналған мультиаспапшылар байқауын қамтыды.
Өнерді жанына серік еткен жерлесіміз – Жаксыкелді Кемаловтың шәкірті. Әсем әнді әулеткен мәдени керуенде өнерсүйер қауым халық шығармашылығының бай мұрасымен сусындады.
– Ұлытау төрінде байқау өтеді дегенді естігенде, бірден қатысамын деп бел будым. Байқауда өзімнің көңіліме жақын «Тамды аруы» әнін домбырамен орындап шықтым. Ән додасында өнер көрсеткен қатысушылардың осалы жоқ. Барлығы дерлік беделді өнер ордасынан білім алған әншілер. Бірінен-бірі асып түскен өнерпаздар арасынан суырылып шығып, жеңіске жеткеніме қуаныштымын, – дейді жеңімпаз Фарида Саутхан.
«Ұлытау үні» фестивалі – жас таланттардың жарқырап көрінуіне мүмкіндік беріп, ұлттық өнердің өрісін кеңейтуде.
Сурет автордан

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Шыдамды шыңдаудың жолы

Қарқаралыда аудан тұрғындары арасында турникке тартылу мен жерден кеуде көтеруден (сығым) TARTYL FEST – 2025 сайысы өтті. Додаға бес жас санаты бойынша 60-қа жуық спортшы қатысты.
15-35 жас аралығындағы спортшылар қатысқан жарыс ерекше мазмұнда өтті. Жарысқа қатысушылардың барлығы өз күші мен төзімділігін көрсетіп бакты.

– Турникке – тартылу жастар арасында кең таралған спорт түрі. Ережелері өте қарапайым, сондықтан, мұндай жарыстарды жиі өткізу қажет. Сайыста спортшылар шеберлігін шыңдады. Алдағы уақытта біз үздіктерді облыстық және республикалық кезеңдерге жіберетін боламыз, – деді жарыстың бас төрешісі Дәурен Сүлейменов.
Жас спортшылармен қатар, тартылу мен жерден қолды бүгіп-жазу жаттығу-

ларында ардагер спортшылар да қарап қалмады. Аға буын өкілдері – Ербол Емілжанов, Ерлан Әмірзақов және Мерхат Жұмаділов әрқайсысы 20-дан астам тартылу жасап, айрықша көзге түсіп, әрі жас қатысушыларға үлгі бола білді.
Сайыс соңында жүлдеге не болған жеңімпаздарға Алғыс хат табысталып, бағалы сыйлықтар тарту етілді.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА Бас редактордың м. а. Қ.А. АЙТЖАН Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ІЛИЯШ Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19 - Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJВKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 478 №93 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жәлен ШАЛҚАР
--